

**ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҰЛЫ ТҮРКІ
ДАНЫШПАНДАРЫНЫҢ
«ӘДІЛЕТТІ БИЛІК»
ИДЕАЛОГИЯСЫНЫҢ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ҚАЗІРГІ ҰЛТ
САНАСЫ ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ
ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ**

Аннотация

Аристотельдің «Әр адамның қоғамдағы рөлі оның ісіне, билік басындағы алатын орнына қарай бағалануы қажет» -дегендей, әділ билік адамзат қолында қандай болу керек? Болмасаңда уқсап бақ демекші, ең болмағанда ата-баба өсиетін дұрыс қолдана білудің өзі жетістікке жетелейтін баспалдақ. Қоғамдағы әлеуметтік, адамзат арасындағы баға жетпес құндылықтардың бірі – әлеуметтік әділеттілік. Әлеуметтік, саяси әділеттілік дегеніміз әртүрлі әлеуметтік жіктердің, қоғамдық топтардың алатын орны мен әлеуметтік көрсеткіштері арасындағы және құқықтары мен міндеттері, еңбегін бағалауы, қызметі секілді жалпы таптық үлкен қоғамдық ұжыммен байланысты қарым-қатынастың көрсеткіштігін айқындайтын ұғым. Ертеден әділ билікті аңсап, армандап, өзі сүрген заманда халқының болашағы тебіреніп, келешек жарқын өмір үшін әділетті басқарудың түрлі теорияларын, идеологияларын, тұжырымдармалары мен нақты шешімдерін ұсынған түркі әлемінен шыққан біршама хас данышпандар болды.

ULUSLARARASI TÜRK
DÜNYASI ARAŞTIRMA-
LARI DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF TURKISH
WORLD STUDIES
CİLT 4 / SAYI 1 / OCAK
2021

Sorumlu Yazar
Corresponding Author
Gulnara NAIZABAYEVA
Л. Н. Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық
Университеті. Әлеуметтік
ғылымдар факультеті.
Философия
кафедрасының
«Мәдениеттану»
мамандығының 2 курс
докторанты. Қазақстан,
Нұр-Сұлтан қаласы. E-
mail: [gnaizabave-
va@mail.ru](mailto:gnaizabaveva@mail.ru), ORCID: 0000-
0001-7335-190X

Gönderim Tarihi
Received
27.01.2021

Kabul Tarihi
Accepted
08.02.2021

Atf
NAIZABAYEVA, Gulnara
(2021). "Ортағасырлық
Ұлы Түркі
Данышпандарының
«Әділетті Билік»
Идеологиясының
Құндылықтары: Қазіргі
Ұлт Санасы
Жаңғыруының Факторы
Ретінде", *Uluslararası Türk
Dünyası Araştırmaları
Dergisi*, (4/1), 71-84

ARAŞTIRMA MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

Бүгінгі заманауи технология, цифрлық smart қалалардың көбеюі, кванттық-гендік инженерияның дамыған шағында, адам өмір сүру сапасының жақсаруымен қатар медальдың екінші жағы мәселелері бар. Сана сезіммен ақыл естің дамуға қабілетсіздігі, ұлттық құндылықтар мен әр халықтың өзіне ғана тән ұлттық кодтың жойылуы, тәлім-тәрбие, үкен-кішінің қоғамдағы ролі, ата-ана мен бала-шағаның қадірінің әлсізденуі кең етек жаюда, бұл барлығына бірдей көрпе жабу емес, алайда ақырын жүріп анық басып, келешекті көздейтін әр жан үшін толғандыратын дүние. Аласапыран бес күндік дүние зымырап өтуде, ол үшін қазірден бастап бесіктен белі шықпаған ұрпақты адал жолға түсірген абзал. **Түйін сөздер:** Әділеттік, билік, рухани жаңғыру, ұлттық құндылық, түркі әлемі.

**VALUES OF THE IDEOLOGY OF «FAIR POWER» OF
THE GREAT TURKIC GENIUSES OF THE MIDDLE
AGES: AS A FACTOR OF MODERNIZATION OF
MODERN NATIONAL CONSCIOUSNESS**

Abstract

It is clear that, the precious heritage was rich, which transferred via written and oral values of the great scientists who lived in ancient times. This heritage is passed down from generation to generation. One of the most valuable social and human values in society is – social justice. The concept defines the relationship between the place and social indicators of various social strata, social groups, as well as their rights and obligations, assessment of their work, activity, etc., related to the general class of a large social collective. From the past there were some brilliant geniuses from the Turkic world, who dreamed of power, the future of their people, put forward various theories, ideologies, conclusions and concrete solutions to fair governance for a bright future life. Today, in the era of modern technology there are problems like the other side of the medal. It should be noted, that the inability to develop consciousness and intelligence, the disappearance of national values and the national code inherent in each nation, the role of education and upbringing in society, the weakening of the dignity of parents and children are widespread. As Aristotle said, "The role of each person in society should be evaluated according to his work, his place in power". **Key words:** Culture, globalization, national values, social issues, youth society.

Кіріспе

«ОСЫ ҮШ СҮЮ БОЛАДЫ ИМАНИ ГҮЛ» АБАЙ

Байырғы заманда ғұмыр кешкен ғұламалардың асыл мұралары, қалың жазба-ауыз құндылықтары адамзат өркениетіне өлшеусіз дүние қалдырғандары мәлім. Бұл мұралар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, ауыспалы уақыт көшінде теңіз сарқылып, тау үгітілсе де, қазынаға толы сандық ғасырлар жағалай ұрпақпен бірге жасасып, біте қайнасып аманат ретінде келеді. Тарихпен дәлелденген Ренессанс дәуіріндегі алғашқы ғалымдар, жазушылар мен философтар түркі ойшылдары екені хақ, өйткені бұл кезеңде антикалық дәстүрлер қайта жаңғырып, мәдениет пен ғылым саласында, көркем өнер, әдебиет әлемінде өрлеу, ауқымды өркендеу бастау алды. Ал, Европаға қайта өрлеу яғни, Ренессанс заманы бертінде IX-X ғасырдан кейін ғана келді. Әрине қазіргі уақытта әлеуметтік әділеттілікке толық қол жеткізген әлемде ешбір мемлекет болған жоқ, дегенмен қанымызда әйгілі Фарабидың жарық көзі бар, әулие Яссауидың сәулесі бар, Баласағұнның даналығы бар, Абайдың қара сөзі бар қасиетті бабалар ұрпағымыз. Осы аманатты келешек ұрпаққа жеткізу әрқасысымыздың парызымыз. Байлық не керек, адалдан жимасаң. Билік неге керек, Әділдік құрмасаң! Хакім Абайдың «Осы үш сүю болады имани гүл» еңбегін ең төменгі қарапайым сатыдан жоғарыдағы сатыда басқаратын әрбір таққа келуші, ел басқарушы, жеті атасындай көкейінде сақтап ант берсе жер бетінде құлдық сана болмас еді. Себебі Абай айтқан бірінші сүюі: Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті, яғни Алла тағаланы сүю туралы. Екіншіден: Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп, бүкіл адам баласын дініне, тіліне, түр-түсіне қарамай сүю керек. Үшіншіден: Алланы адамзатты сүю дәстүрін хақ жолы, әділеттілік деп, әділеттілікті сүю дейді. Осы үш сүюді ақын имани гүл дей келе, ойын былайша өрбітеді: Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ, Басты байла жолына, малың түгіл,-деген үлкен ұғымды ұсынады (Есім, 2016:49). Бабалар салған сара жолды көздесек, ұрпағымыздың

болашағын ойласақ, мемлекетіміздің тұтастығын қаласақ қоғамды рухани жаңғыруға, имандылыққа, әділдікке, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, жаңа заман талаптарымен оңтайлы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ел-жұрт болып қағам санасын жаңғыртсақ сонда ғана бабалар мұрасы іске асып әділетті қоғам, әділетті басшы, әділетті тұлға, әділетті ұрпақ болмақпыз.

Негізгі Бөлім

Кезінде қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың: «Әділ билердің қолында билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді»– деп жүрек жарды айтқан сөзі болатын. Қазақ қоғамында билер институты қалыптасып, оның ролі уақыт өте маңызды дүние екенін көрсетті. Халықтың тұтастығын сақтап қалу, заман тәлкегіне ұшыраған елдің қамын ойлап сөзін сөйлеп, елдің ішкі тәртібі мен сыртқы саясатын саралап, жұрттың тағдырын шешетін билер институтының идеологиясының өнегесі қазіргі таңда өте актуалды. Кіші жүздің әйгілі шешені Сырым Датұлының «Мен ағайынды екеумін: біреуі өзім, екіншісі — халқым»–деген нақыл сөзінің түп тамырына үңілсеңіз, кешегі Төле билер секілді нағыз топ жарған, салиқалы, таразы басын тең ұстай білген, әділдікті рәміз еткен, табиғи тума дарын, текті сана, алыстан жори білген, қара қылды қақ жарып айтатын, сөздің майын ағызып дүбірлеткен шешендер дана-дара тұлға болғандарын дәлелдейді. Осыдан міне, би ұғымының мәнін ашатын: «Түгел сөздің түбі – бір, Түп атасы – Майқы би», деген сөз тарихта тепсе темір үзетіндей етіп қалыптасқан. Сонымен қатар билер соты кезінде мемлекеттік биліктің атқарушы, заң шығарушы, билік айтып ел басқарушы, дау-дамай мәселелеріне араласып шешуші фактор болып қалыптасты. Сол асыл қазына ақсалдарымыздың яки би-шешендеріміздің тарихтағы алар орны мен маңызын өскелең ұрпаққа дұрыс жеткізіп, әділетті қоғам құра білген қазақ билерінің тағылымды ұстанымын үлгі ретінде санаға еңгізсек, тек әділ билік және парасатты басқарушы арқылы біртұтас мемлекет болып, ғасыр жағалай жасай алатынымызды жастардың жадына тоқыту біздің

міндетіміз. Ендігі мәселе жоғарыда айтылған қордың мәнін ашып, шындығында айту оңай, орындау қиын екенін ескере отырып, осы «Әділ билік»-деген Алатаудай ұғымды жастардың жүрегіне қандай жолмен жеткізе аламыз? Бұл орайда тарих беттерінде ойып тұрып орын алған ұлы түркі ғұламаларының асыл мұраларын қолға алып, насихаттап, осы мәселенің шешуші бір ғана жолы екенін дәлелдейміз.

Алдыменен ислам дінімен, мұсылман әлемімен расталып тарихтағы бір оқиғаға тоқталсақ. Мұхаммед пайғамбар араб қоғамындағы адами қасиеттері жойыла бастаған халықты білімге, сауаттылыққа, имандылыққа шақырып, өмірге деген сана-сезімдерін Раббысынан алған уахиларымен тұтастай өзгертті. Өз мойнына арттырған жауапкершілікті толығымен орындап, игі істі жалғастырар артынан сахаба жамағатын қалдырады. Ислам әлемінің мәртебесін биіктету жолында сахабалар, дүниенің көңіл байлар, ниет бұзар, көз тартып баулитын алдамшы ләззаттарынан әрқашан да Аллаһ пен Расулының разылығын жоғары қойды. Мұхаммед пайғамбар қайтыс болған соң, Ислам мемлекетінде Пайғамбардан кейін билік басына келген алғашқы төрт халифа болды. «Би мен бектің сәні жоқ, елін қорғай алмаса, тура жолға салмаса, ыстығына күймесе, суығына тоңбаса»- деп данышпан Дулат айтқандай, олар әділетті әлеуметтілік орнату, халықты жоқшылық пен азғындықтан құтқару, жүректеріне имандылық, мейірімділік пен жанашырлық ұялату секілді қасиеттері арқылы, Әділетті төрт халифа (әд-Хулафаур Рашидун) - Мұхаммед пайғамбардан соң халифатты басқарған әділетті төрт Әбу Бәкір, Омар, Осман ибн Аффан және Әли ибн Әбу Талиб халифа-сахабалар, басшылар ретінде тарихта мәңгі қалды (<http://www.inter-islam.org/Actions/taraweeh.htm>). Олар басқарған аз ғана отыз жыл «Хулафаур Рашидин дәуірі» яғни (әділетті, турашыл халифалар) деп аталады. Кішкентай уақыт аралығында мемлекетті басқару ісінде Исламдық басқарудың ең үздік үлгісі көрсетілді. Ел билеген Төрт халифа кезінде қарапайымдылық пен кішіпейілділікті көрініс тапқан, елдің сүйіспеншілігіне бөленген баға жетпес алтын уақыт болды. Бірінші сахаба Әбу бәкір әл-Сыддық (573–636) Мұхаммед

пайғамбардың (с.ғ.с.) ізбасары, мұсылмандардың тұңғыш халифы, Құранды және Алланың елшісін ақиқат деп алғаш мойындаған жандардың бірі. Әбу Бәкір халифа болмас бұрын Синх аймағындағы халықтың қойларын бағып, сауып жәрдемдесетін. Кейіннен халифа болып тағайындалған кезде көрші аймақтағы бір күннің: “Сірә, Әбу Бәкір бұдан кейін біздің қойларымызды саумас”, – дегенін естіген Әбу Бәкір: “керісінше, өміріммен ант етейін, мен бұдан кейін де қойларыңызды сауамын. Мойныма алған бұл жауапкершілік мінез-құлқым мен әдеттерімді өзгерте қоймас”, – деп жауап берген. Ол қой саууды Мәдинаның орталығына көшкенге дейін алты ай бойы жалғастырған (Ислам,2010:36). Әбу Бәкір өмір бойы халықты имандылыққа шақырып, ислам дінін насихаттауға арнаған. Ол өзі ішкі жан дүниесімен мұсылмандықты қабылдап, ғұмырдың барлық сынағына төзе білген, өзі ислам жолынан таймаған, әділдікті ту еткен нағыз қарапайым басшы болып жұрт аузында қалды. Екінші сахаба Омар ибн әл-Хаттаб (585 Мекке–3.11.644, Медине) – екінші тақуа халифа, аса көрнекті мемлекет қайраткері, төрт шадиярдың бірі.

Мұхаммед пайғамбарды (ғ.с.) өлтіру туралы тапсырмамен оның алдына барған жолы пайғамбардың дұғасымен, Алланың шарапатымен 33 жасында ислам дінін қабылдаған.. Ол Әбу Бәкірдің халифа болып сайлануына қолдау көрсетіп, оның кеңесшісі болған, кейін Әбу Бәкір қайтыс боларда Омар І-ні (р.т.ғ.) мұрагерлікке ұсынып, халық қалауымен халифатта он жыл билік жүргізген. Омар І (р.т.ғ.) билік жүргізген кезеңде Хижра жыл санауының негізі қаланып, мемлекет шекарасы кеңейе түсіп, мемлекет басқару құрылымы, салық, жәрдемақы, жалпы саяси шешімдер қабылданған және т.б. көптеген басқару жүйесін қалыптастырып, мұсылман жұртышылығының құрметіне бөленген әділ басқарушы ретінде көмейде қалған (Қазақ энциклопедиясы, 2005:115). Осман ибн Аффан (т.ж.б.-656) әдептілік пен ар-ұяттың жарқын үлгісі, мұсылман әлеміндегі әділетті төрт халифаның үшіншісі. Хазірет Осман (р.а.) қызметкерлерге айлық таратқан кезінде, жағдайы т.кмен отбасыларына өз байлығынан қосымша қаражат бөлетін. Осман (р.а.) онсыз да жомарттығымен,

садақа таратуымен және Аллаһ жолында дүние бағыштауымен атағы шыққан кісі еді (Ислам,2010:159). Али ибн Абу Талиб (600-24 қаңтар 661)-Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, күйеу баласы, сахабасы, төрт халифаның төртіншісі (https://ar.wikipedia.org/wiki/%D8%B9%D9%84%D9%8A_%D8%A8%D9%86_%D8%A3%D8%A8%D9%8A_%D8%B7%D8%A7%D9%84%D8%A8).

Хазірет Әли басқа сахабаларынан айырмашылығы жоқ, осы орайда, сол шақта салтанат құрған әділдік пен теңдіктен бір шағын мысал келтірсек. Бір күні хазірет Әлиге Жуда ибн Хубайра келіп:-Ей, мұминдердің басшысы! Кейде біреуі сені жанындай жақсы көретін, екіншісі саған жаны қас екі адам келіп сенің төрелігіне жүгінеді. Сен екінші адамдікін-дұрыс, бірінші адамдікін-жаңылыс дейсің. Бұл қалай болғаны?-деп сұрағанда, оған хазірет Әли:-Бұл өте күрделі мәселе... Бұл іс маған ғана байланысты болса, өзімнің пайдама қарай шешер едім. Бірақ бұл Аллаһтың әмір еткен әділдік жүйесі болғандықтан, оны бұзуға менің хақым жоқ-деп жауап берген (Ибн Асакаир,166:3). Осылайша Халифалардың Аллаға деген сенімдері махаббат пен қорқыныштан туындаған еді. Олар Алла тағаланың алдында өз жауапкершіліктерін терең сезініп, қандай да бір қате басқан қадамдары болса, қияметте оған жауап беретіндіктеріне сенетін. Олардың басқаруындағы халық та ислам тәрбиесінде болғандықтан, басшыларына мүлтіксіз бағынған. «Әділ бидің елін дау араламайды, Әділ патшаның елін жау араламайды»-дегендей, аспандағы шолпан жұлдыздай жарқырап, өшпес із қалдырған үмбеттер болды (Айдын, 1994:10-17).

Шоқтығы биік Шәкәрімнің «Дін адамды бір бауыр қылмақ еді»-деген нақыл сөзінде астарлы шындық жатыр, мәселен дін әуел бастан дұрыс-ақ, оны тәржімалайтын, мазмұндайтын, түсініп ұғынатын адамның қабылдауына байланысты. Егер де ел басқаратын басшы Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас»-деген өсиетін көкірегінде сақтап, мемлекет басқару стратегиясында көрініс тапса, басшысын сыйлайтын халыққа ие болады. Төрт Халифаның қайырымды басқару үлгісімен үйлесімділік табатын Түркі

дәуірінің ғұламасы-Жүсіп Баласағұнның Әділеттік-даналықтың өзегі деген идеологиясы. Қазақтың төрт құбылаң тең болсын деген ұғымы бар. Соның ішіндегі Жиренше мен Жәнібек хан туралы аңыз-әңгіме кең таралған. Жәнібек хан бірде Жиренше шешеннен:-Бұл дүниеде кімнің төрт құбыласы тең болмақ? – деп сұрайды. Сонда Жиренше шешен:-Бұл дүниеде жүйрік аты, қыран құсы бар, өзі сұлу, өзі мінезді қатыны, бес атар мылтығы бар жігіттің төрт құбыласы тең болады, ханым, – депті, яғни төрт құбылаң тең болса, бақыт та, береке де болады дегені екен.

Қазақ халқы о заманда көшпелі өмір сүргендіктен адамзат пен қасиетті табиғаттың сабақтастығына ерекше мән берген, себебі төрт деген сан мифологиялық түсінікте тұтастық, тұрақтылық деген мағынаны білдіреді. Атап айтсақ төрт түлік мал, төрт құбыласы, төрт көзі түгел, жылдың төрт мезгілі, дүниенің төрт бұрышы деп жатады. Төрт құбыла түсінігі әлемнің тұтастығын білдіреді. Төрт саны жер шарының төрт бұрышы-оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыспен байланысты. Ал, құбыла сөзі-қасиетті мекен деп зерделесек, ата-бабаларымыздың төрт құбыласы түгел деген даналығының мәнін тереңде жатқанын ұғынуға болады. Тіпті Хакім Абайдың өзі «Көп кітап келді Алладан, оның төрті...»-деген, сондықтан төртеу түгел болса төбедегі келеді деген мән осыдан шыққан екен. Тіпті ежелгі Шығыс ілімі бойынша, әлемді төрт нәрсе ұстайды: жер, су, ауа, от. Осы төрт нәрседен әлемнің үйлесімі жасалады. «Құтты білікте» қоғамдағы, өмірдегі үйлесім осы төрт нәрседен тұрады. Дастанның басты идеясы мынадай төрт принципке негізделіп жазылған (Келімбетов,1991:161). Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Әділдіктің бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Әділет деген күннен, бұл табиғи түсінік. Күнсіз тіршілік жоқ. Тіршілік болуы-әділеттік. Ел үшін Күн қызметін, яғни әділеттілікті орнататын әрине патша. Күн болмаса жер бетінде ғұмыр жоқ. Күн бар жерде әділеттілік бар, оны жүзеге асыратын патша бар. Патша әділеттік символы. Патшаның әділетсіз болуға құқы жоқ, өйткені ол өзіне күн қызметін алған. Қағида, сол Әділеттілік-Күннен,

тіршілік-Күннен. Тіршілік деген әділеттілік. Тіршілік болмаса әділеттіліктің мағынасы бола ма? Күннің символы, әділеттіліктің нақты іске асырушы-патша. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын, деген тілек. Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық ролі уәзірдің баласы. Бақ-дәулет мәселесі дастанда патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Айтолды патшаның уәзірі. Ай өзгермелі, ай туып, жіңішкеріп барып жойылып, қайта толысады. Ай өзгермелі болған соң, Патшаға уәзірлікке Айтолды өз баласы Ақылды ұсынады. Ақыл Құттың баласы, ақыл Құттың ұлы болған соң, ол Құтты ақыл. Кітаптың «Құт білімі» аталуы осыдан. Күнтолды-патша әділдік символы болса, Айтолды-уәзір, құт символы, толған айдың толуы-береке, құт. Енді патшаның әділ болуы үшін тағы бір ұғым қажет, ол Ақылдың досы Қанағат (Есім,2019:24). Төртіншісі, қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, бейнесі арқылы әңгіме болады. Қанағат қарын тойғызар дегендей, қанағаттыққа келудің бір ғана жолы бар, ол- имандылық рухани жолы. Шүкіршілік ету, тәубеге келу қанағатқа әкеледі. «Құтадғу білік» 1069–1070 жж. жазылған рухани имандылық пен адамгершілік, білімділік пен біліктілікке, әділдік пен еңбекке үндеген түркі тіліндегі философиялық, дидактикалық үлкен шығарма. Баласағұнидің бұл еңбегі кезіндегі ел билеуші хан-қаһандарға әділдік пен парасатты биліктің шежіресі, қасиетті ұраны ретінде, сапалы-саналы оймен қызмет атқарудың заң ережесі ретінде ұсынылған.

Тарихтың қойнауындағы ерекше тағдыр иесі, жүз жылда бір туатын әйгілі, аты жер жарған, әлемдегі ең тапқыр басшылардың бірі, ұлы реформатор, елі мен жері үшін антын орындай алған тұғыры биік Түрік билеушісі Мұстафа Кемал Ататүріктің Түрік халқы үшін ғана емес жалпы түркі қоғамы үшін мәңгі өшпес із қалдырған нағыз тарихи тұлға. Ататүріктің басшылығымен Түркия үшін өмірлік маңызы бар реформаларының көбісі әлі күнге дейін өзгермен. «Әкім адал болмаса жұрт бұзылар, Сауда адал болмаса нарық бпаұзалар»-дегендей, Кемализм немесе «Ататүрікшілдік» идеологиялық негізінде:1) республикашылдық (мемлекеттің және ұлт-тың тұрақты

түрде республикалық құрылым жолымен басқарылуы); 2) халықшылдық (мемлекеттің халық үшін қызмет етуі және оның халық тарапынан басқарылуы); 3) ұлтшылдық (басты мақсат – түрік ұлтының мүддесі мен мерейі); 4) мемлекетшілдік (барлық саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени шаралар Түркия Республикасы мен мемлекетінің мәңгі өмір сүруін және барған сайын нығайтын қамтамасыз етуге тиіс, жекеше сектордың мүмкіндігінен тыс салалар мемлекет қарамағында болады әрі мемлекеттің араласуымен дамытылады); 5) зайырлылық (діннің мемлекеттен бөлек болуы); 6) революцияшылдық (тоқырауға жол бермеу, үнемі даму, жаңару үстінде болу, әлемдік өркениеттен артта қалмау) (Айдосов, 2008:82-87). Ататүріктің қоластында әйел, нәзік жандылардың құқықтары мен қоғамдағы тұлғалық орнының қалыптасуы, әйел затының тек үй шаруасындағы адам ғана емес, білімді, білікті, ақылды, ер азаматтардың алдында арнамыстарының тапталуына шектеу қойып, еркіндік пен бостандық санасы бой көтерді. Жалпы Ататүрік заманында адам санасының биіктеу шеңі мен рухани құндылықтардың жаңғыруы, ұлттық рухтың асқақтау шегі болып, түрік тіліне деген құрмет артып, тіл ұлттың ажырамас бөлігі ретінде тіл саясаты қолға алынды. Өмір сүру көрсеткішісі жақсарып Ататүрік ұлттық көсемге айналды.

Әділетті Билік ол Халықтық Билік! Бүгінгі күні тәуелсіздігіміз тұғырымызда, туымыз көк аспанда желбіреп отыз жыл бұрын зар мен мұң арқылы алған бостандығымыздың көрінісі қандай? Тұңғыш президентіміз, Елбасымыз Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлының мемлекеттік саяси-мәдени, әлеуметтік басқару стратегиясының және көшбасшылық қабылетінің арқысында, Қазақстанның қазіргі таңда саяси аренада мәртебесі жоғары мемлекеттер қатарындамыз. Елбасының «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050», Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» даму бағдарламасы, «Мәңгілік ел» патриоттық актісі, «Рухани Жаңғыру», «Жүз жаңа есім», «Мәдени мұра», «Қасиетті Қазақстан» т.б. стратегиялары мемлекет дамуының, ұлттық-рухани құндылықтардың, халықтың әлауқатын арттырудың айқын бағыт-бағдары. Бірінші

президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының ел басқарған жылдарын тіпті Ататүрік басқарған жылдармен салыстырып, екі басшының реформаларымен стратегияларында ұқсастық барын тілге тиек етеді және сол екі уақыт өлшемінде де, заман талаптары мен халық сұранысы бірдей болғандарында да дәйек бар. Даңқты екі көшбасшы да жас мемлекетті жаңадан құрып, елді тоқыраудан алып шығу басты мақсаттары болды. Жүсіпбек Аймауытұлының «Әдебиет - ұлттың жаны. Ұлттық сана, тағдыр, жан жүйесі көркемөнердің басты тақырыбы. Таптық жік арқылы әдебиет жасалмайды...»-деген керемет нақыл сөздері бар, осы орайда Түркия елі мен Қазақ елін біріктіруші дүние әдемі поэзия әлемі. Түркияда жерінде Абай Құнанбаевтың, Мұхтар Әуезовтің, Абылай ханның, Қабанбай батырдың, Мағжан Жұмабаевтың т.б ұлы тұлғаларды және өнер майталмандарының ескерткіштері орнатылып, көптеген білім ордалары ашылып жатыр. Біздің жерімізде де 2009 жылы Түрік әлемінің ұлына, саясаткеріне үлкен құрмет көрсету ретінде Астана қаласында Есіл өзенінің жағасында Түркия Республикасының негізін қалаушы Ұлы Мұстафа Кемал Ататүрікке арналған ескерткіштің арнайы ашылу салманаты өтті. Бүгінгі жаңа сайланған президентіміз Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлының мол тәжірибелі, өте білімді, жан-жақты дарыған, бірнеше тілдің маманы, саяси-дипломатиялық қарым-қатынастың шебері, сауатты-саналы, мықты саясаткер екені мәлім. Тұңғыш Елбасының қиын-қыстау кезеңде, ерең еңбекпен қалап салып кеткен саяси реформалар мен стратегияларды одан әрі дамытып, халық қамы үшін, Алла разылығы үшін жалғастыруы аманат және елімізді жарқын келешекке жетелейтініне зор сенімдеміз.

Қорытынды

Аспан асты еліндегі атақты Қытай ойшылы Конфуцийдің «текті адам» тек ғана этникалық ұғым емес, ол саяси – мәдени ұғым»- деп о заманда айтқан дана сөзі бар. Басшының негізгі қайнар көзі – басшының өз басының әдептілік қасиеттерін өзінен төмен тұрғандарға мысал ретінде көрсетуінде. Бүгінгі біздің халықымыз

Конфуцийдің осы идеясына шөлдеп тұр. Тектілік иегерлікке, мұрагершілікке итермелейді. Қаншама жылдар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр, дүниетанымдық көзқарас күйзеліске ұшырап, олардың орнына қоғамда қалыптасып жатқан жаңа жағдайларды түсіндіретін тың көзқарас кең өріс ала бастады. Соның бастысы ретінде ұлттық руханиятқа қажетті болып отырған текті адам идеясы, оның табиғатын және мазмұнын ашып көрсету болып табылады. Ата-бабаларымыздың жасап кеткен рухани мұрасына ие болу, өзінді осы ұшан теңіз байлықтың иесімін деп сезіну, оны келешек ұрпаққа шашыратпай жеткізу бүгінгі ұрпақтан естілікті, парасаттылық пен даналықты талап етеді. Әрбір басшы таққа отырмас бұрын, ел билемес бұрын, жұрт басқармас бұрын, 1-сыныпта әліппемен таныстырғандай, халық басқаруға аттанған әрбір тұлға Баласағұнның «Құтты Білігін» жаттап, емтихан тапсырып бірақ ісіне кіріссе, міне сонда ғана әр халықта «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» заманда өмір сүруші еді. Бұндай елде ешқандай сатқындық, құлдырау, зорлық-зомбылық, жұт, ашаршылық, жемқорлық атаулының аты мүлдем болмайтын еді. Сондықтан «әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» болса да, Билік жүргізуде, Ел басқаруда қай халықтың өкілі екенің, қай тайпадан шыққаның, қандай нәсіл екенің, дінің-тіліңнің айырмашылығы жоқ. Ең бастысы адам болу! «Махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті»-деп, Ғұлама Абайдың осы бір астарлы мағынаға толы аманатын ескере отырып алдыменен, адамзатты шын көңілмен, кіршіксіз, бір қаяусыз оймен барлығын тең көріп сүю қажет, одан соң Алланы мінсіз бір күдіксіз сүйе білу нағыз адамдыққа-адамгершілікке әкеледі. Кешегі күні ұрпағы үшін зар жылаған ата-бабаларымыздың өсиеттерін орындау бізге парыз әрі міндет. Күні-түні ақиқат іздеп болашақ ұрпағына «Құтты Білікті» мұрағат еткен Баласағұнның бір қарағанда қарапайым көрінетін төрт өсиетімен өмір сүру үшін бізге еш қиындығы жоқ. Алайда, барлық ауыр жұмысты, барлық ізденіс толғаныстарды бізге дайын ас етіп қалдырып кеткен

ұғымымен өмір сүрсек, сондай өте терең, нағыз адами қасиеттің

Сонымен, Ел билейтін әділ басқарушы деген кім?
Нұрлы ақылы бар, жылы жүрегі бар, ыстық қайраты бар
нағыз елінің жерінің лайықты патшасы!

Пайдаланылған Әдебиеттер

<http://www.inter-islam.org/Actions/taraweeh.htm>

https://ar.wikipedia.org/wiki/%D8%B9%D9%84%D9%8A_%D8%A8%D9%86_%D8%A3%D8%A8%D9%8A_%D8%B7%D8%A7%D9%84%D8%A8

Айдосов, А. (2008). “Түркі әлемін тануда Ататүріктің жүргізген реформаларының маңызы” *Саясат – Policy*, №6. - 82-87-бб.

Айдын, Ф. (1994). *М. Шакир; Дөрт Халифа*, 10- 17бб.

Есім, Ғ. (2019) *Ғұлама-Наме трилогия*, Астана: Хас-Сақ - 2016, ЖШС баспасы.

Ибн Асакир, (3/166). Канзуль-уммаль.

Ислам, (2010). *Энциклопедиялық анықтамалық*, Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС.

Қазақ энциклопедиясы (2005), 7- том.

Келімбетов, Н. (1991). *Ежелгі дәуір әдебиеті: Оқулық*, Алматы: Ана тілі.